



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

26 тамыз 2025 жыл

551-Ө

Құлдан ауылы

№

село Құлдан

**Білім беру ұйымдарында «Адал азамат»
біртұтас тәрбие бағдарламасын
жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылдың 26 мамыр күнгі №123 бұйрығын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылында бастауыш, негізгі, орта білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралар жоспары (қосымша 1) бекітілсін.

2. Білім беру ұйымдарында құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шаралар мен білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту мақсатында сыныптан тыс жұмыстар шеңберінде әлеуметтік жобалар мен алдын алу шаралары іске асырылсын.

3. Білім беру мекемелерінде білім алушыларға «Күй күмбірі»– қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзілісте арнайы күй тыңдату басшылыққа алынсын.

4. «Менің Қазақстаным» оқу аптасының дүйсенбі күндері бірінші сабақта білім алушылардың қатысуымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалуы мен тақырыптық сынып сағаттарының, 10 минут «Қауіпсіздік сабағының» сапалы өткізілуін қадағалау жауапкершілігі мектеп басшыларына жүктелсін.

5. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы», «Даналық мектебі» клубының жұмыс жоспарларына сай іс-шаралардың орындалуы бақылауға алынсын.

6. Білім беру ұйымында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында өткізілген іс-шараларды әлеуметтік желіге кеңінен жариялап, #Адал_Азамат хэштегі қолданылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Қырықбаева Гүлмираш Қуанышбекқызына жүктелсін.

Басшы



М.Сванов

000363